

"Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 331-нқ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 қыркүйекте № 35093 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18075 болып тіркелген) бұйрығына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларында:

12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"12. Әзірлеуші стандарттау жөніндегі құжаттарды стандарттау объектісіне байланысты мынадай тұлғаларға:

- 1) әзірлеуге тапсырыс берушіге (болған жағдайда);
- 2) олардың құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдарға;
- 3) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына;
- 4) заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанындағы стандарттау жөніндегі құжаттарды пайдаланушыларға;
- 5) заңды тұлғалардың қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы салалық бірлестіктеріне (қызмет бағытына сәйкес);
- 6) аккредиттеу субъектілеріне (аккредиттеу саласына сәйкес);
- 7) ғылыми-зерттеу институттарына және/немесе зерттеу зертханаларына (болған жағдайда) келісуге жібереді.

Ұлттық стандарттарды әзірлеу уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеу уәкілетті органның және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Ұлттық стандарттау жүйесінің өзге де мүдделі субъектілері стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде немесе СҰО интернет-ресурсында қарастырады."

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрі*

А. Шақкалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі